



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстанның 10 өңірінде инфляция баяулады

Астана қ.

2026 жылғы 16 қаңтар

Желтоқсанда елде жылдық инфляция **12,3%** болды (қарашада – 12,4%).

Жылдық инфляция 10 өңірде баяулады, 7 өңірде жеделдеп, 3 өңірде бұрынғы деңгейде қалды.

Желтоқсанда **азық-түлік тауарларының** бағасы жылдық мәнде 13,5%-ды құрады (қарашада – 13,4%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (16,5%) барынша жоғары, ал Алматы облысында (11,8%) мейілінше төмен өсті.

Желтоқсанның қорытындысы бойынша **азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде 11,1%-ға дейін бәсеңдеді (қарашада – 11,2%). Ең жоғары мән Ақмола облысында (13,2%-дан), ең төменгі мән Батыс Қазақстан облысында (8,6%) тіркелді.

Желтоқсанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде 12,0%-ға дейін баяулады (қарашада – 12,3%). Сонымен қатар Маңғыстау облысында (8,7%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама төмен өсті.

Желтоқсанда ел көлеміндегі **айлық инфляция** 0,9%-ға өсті.

Толық ақпарат: Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz